

Кәсіпкерлік қызметпен айналысатын жеке тұлғаларды тіркеу үшін алым төлеудің және оның ставкаларының Тәртібін бекіту туралы <*>

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1995 жылғы 28 шілде N 1037. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001.12.06. N 1586 қаулысымен. ~P011586

ЕСКЕРТУ. Қаулы тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 1999.07.24. N 1057 қаулысымен. P991057_

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер

туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 24 сәуірдегі N 2235

Z952235_

Заң күші бар Жарлығын орындау мақсатында

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

Кәсіпкерлік қызметпен айналысатын жеке тұлғаларды тіркеу үшін алым төлеудің және оның ставкаларының Тәртібі бекітілсін.

ЕСКЕРТУ. 2-ші абзац жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 1999.07.24. N 1057 қаулысымен.

P991057_

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1995 жылғы 28 шілдедегі
N 1037 қаулысымен
БЕКІТІЛГЕН

Кәсіпкерлік қызметпен айналысатын жеке тұлғаларды
тіркеу үшін алым төлеудің және оның ставкаларының Тәртібі

ЕСКЕРТУ. Атауы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 1999.07.24. N 1057
қаулысымен.

P991057_

ЕРЕЖЕ

I. Жалпы ережелер

1. Осы Тәртіп Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 24 сәуірдегі N 2235 Заң күші бар Жарлығына Жеке кәсіпкерлік туралы Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 19 маусымдағы Заңына (бұдан әрі - Заң) сәйкес әзірленді және күшіне енеді.

ЕСКЕРТУ. 1-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 1999.07.24. N 1057
қаулысымен. P991057_

2. Тәртіп жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы куәлік нысанын (қосымша) және заңды тұлға құрмай-ақ кәсіпкерлік қызметпен айналысатын жеке тұлғаларды (жеке кәсіпкерлерді) мемлекеттік тіркеу үшін бюджетке алым төлеудің тәртібін белгілейді.

ЕСКЕРТУ. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 1999.07.24. N 1057
қаулысымен. P991057_

3. Заңды тұлға құрмай-ақ кәсіпкерлік қызметпен айналысатын азаматтарды мемлекеттік тіркеу өз бетімен тіркелу сипатында жүргізіледі және олар қолданылып жүрген заңдарға сәйкес жеке кәсіпкерлер ретінде есепке алынады.

Жеке тұлғаларға мемлекеттік тіркеу туралы куәліктер беруді

қосымшаға сәйкес нысан бойынша құжаттар тапсырылған күні аумақтық салық органдары жүзеге асыруға тиіс.

Егер өтініште өзгеше мерзім көрсетілмесе, жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы куәлік мерзімсіз беріледі.

ЕСКЕРТУ. 3-тармақ толықтырылды - ҚР Үкіметінің 1999.07.24. N 1057 қаулысымен.

P991057_

4. Жеке кәсіпкерлерді салық төлеушілер ретінде есепке алу мен оларға салық салу тәртібі салық заңдарына сәйкес жүргізіледі.

ЕСКЕРТУ. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 1999.07.24. N 1057 қаулысымен.

P991057_

II. Алым төлеушілер

5. Заңның 9-бабына сәйкес міндетті түрде мемлекеттік тіркеуге жататын жеке кәсіпкерлер жеке кәсіпкерлік қызметпен айналысатын жеке тұлғаларды мемлекеттік тіркеу үшін алым төлеушілер болып табылады.

ЕСКЕРТУ. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 1999.07.24. N 1057 қаулысымен.

P991057_

III. Алым төлеуден босату

6. Заңды тұлға құрмай-ақ кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырушы:
шаруа (фермер) қожалығы құрамындағы;

ЕСКЕРТУ. 6-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 1996.08.09.
N 987 қаулысымен.

P960987_

ЕСКЕРТУ. 6-тармақтан абзацтар алып тасталды - ҚР Үкіметінің
1999.07.24. N 1057 қаулысымен.

P991057_

IV. Алым ставкалары

7. Жеке кәсіпкерлерді мемлекеттік тіркеу үшін алым алымды төлеген күнгі қолданылып жүрген есептік көрсеткіштің төрт еселенген көлемі мөлшерінде а л ы н а д ы .

Мемлекеттік тіркеу туралы куәлік беруге арналған өтініште көрсетілген мәліметтер өзгерген жағдайда кәсіпкер қайта тіркелуді жүзеге асырып, жаңа куәлік а л у ғ а м і н д е т т і .

Кәсіпкер мемлекеттік тіркеу туралы куәлікті жоғалтқан жағдайда оның өтініші бойынша оған куәліктің көшірмесі беріледі.

Мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің көшірмесін бергені үшін кәсіпкерден көшірме бланкісінің құны алынады.

ЕСКЕРТУ. 7-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 1996.08.09.
N 987 қаулысымен. P960987_

ЕСКЕРТУ. 7-тармақ толықтырылды - ҚР Үкіметінің 1999.07.24. N 1057
қаулысымен. P991057_

Ескерту. 7-тармақтың 1 абзацының күші 2001 жылғы 4 шілдеден 10 қазанға дейін тоқтатыла тұрсын - ҚР Үкіметінің 2001.06.01.
N 751 қаулысымен. P010751_

8. Барлық санаттағы мүгедектер, Ұлы Отан соғысына қатысушылар мен соларға теңестірілгендер, Совет Одағының Батырлары мен Социалистік Еңбек Ерлері, "Халық қаһарманы" атағы бар, үш дәрежелі Даңқ орденімен және "Отан" орденімен наградталғандар адамдар, зейнеткерлер, "Алтын алқа" және "Ер-ана" атақтарына ие болған көп балалы аналар белгіленген алымның 50 проценті м ө л ш е р і н д е т ө л е й д і .

Ескерту. 8-тармақтың күші 2001 жылғы 4 шілдеден 10 қазанға дейін тоқтатыла тұрсын - ҚР Үкіметінің 2001.06.01. N 751 қаулысымен. P 0 1 0 7 5 1 _

V. Алым төлеудің тәртібі мен мерзімдері

9. Жеке кәсіпкерлерді мемлекеттік тіркеу үшін алымды олар өз беттерінше, тіркеу органдарына хабарласқанға дейін төлейді.

10. Тіркеу алымы халықтан салықтар мен алымдар төлемін қабылдайтын банк мекемелері немесе басқа мекемелер арқылы төленеді.

11. Заңды тұлға құрмай-ақ кәсіпкерлік қызметпен айналысатын азаматтарды мемлекеттік тіркеу үшін төленетін алым жергілікті бюджеттің кірісіне есепке а л ы н а д ы .

12. Тіркеу органына жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу үшін алымын төленгендігі туралы түбіртек немесе төлем тапсырмасы беріледі.

13. Төленген тіркеу алымы қайтаруға жатпайды.